

**1-5 қараша аралығында өткізілген іс-шаралар жоспарының
ТАЛДАМАСЫ**

5 қараша

Апталық жоспарға сәйкес 1-5 қараша аралығында келесі жұмыстар атқарылды:

1. Сынып жетекшілерінің сынып бойынша тоқсандық есептері тапсырылып, оқушылардың сабаққа қатысуы, оқу үлгерімдері бойынша жеке сипаттама берілді.
2. Бөлім бойынша жиынтық, тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстарының жүргізілу сапасын бақылау мақсатында пән мұғалімдерінің бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстарының папкалары тексеріліп, бағалау балдарын белгілегенде әдістемелік ұсынымдарды ескеру қатаң талап етілді.
3. Пән мұғалімдерінің электронды журналды уақытылы жүргізуін тексеріліп, II оқу тоқсанының күнтізбелік тақырыптық-жоспарлары жарияланды. Мерекелік күндерге түсетін сабақтар ұқсас тақырыптармен біріктірілді.
4. Жоспарға сай №2 педагогикалық кеңес өткізіліп, күн тәртібінде № 1 Пед.кеңес қаулысының орындалуы, I оқу тоқсанының білім сапасының мониторингі, «Алтын белгіге» және «Үздік» аттестатқа үміткер оқушыларды анықтау, мектепшілік бақылау нәтижелері бойынша салыстыру сараптамасы, 7-сынып оқушыларының мектепке бейімделу нәтижесі және жалпы мектеп оқушыларының эмоционалдық дамуы, ата-ана мен мектеп байланысының ынтымақтастығы, оқушылардың тамақтану нормалары, олимпиадалық резерв және оқушылардың дайындығы, Интернат тәрбиеленушілерінің бос уақытының ұйымдастырылуы, оқушылардың өмір қауіпсіздігі, Абай мектептері желісі бойынша оқитын сыныптарда МЖМБС орындалуы және ағымдағы мәселелер қарастырылды.
5. 2021 жылғы қараша айының 3-5 аралығында Алматы қаласында өткен IV республикалық «Менің шағын Отаным» атты жас тарихшылардың интеллектуалдық конкурсына «Менің кішкентай Отанымның болашағы» номинациясы бойынша облыстық кезеннің жеңімпазы болған 10-сынып оқушысы Кажмуканова Фариза қатысып, II жүлделі орынға иеленіп Дипломмен

марапатталды. Жетекшісі - тарих пәні мұғалімі Алпыспаева Салтанат Амантаевна.

6. Апта бойы Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің оқытушылары және мектеп мұғалімдері химия, биология, математика, физика пәндерінен ІІ-сынып оқушысы Жұматай Саянаны Республикалық Президенттік олимпиадаға дайындады.

7. 01-05 қараша аралығында ғылыми жоба жетекшілері облыстық іріктеуден өткен оқушыларымен қашықтық облыстық ғылыми жоба конкурсына қатысуға бейнематериалдар дайындады. Облыстық ғылыми жоба конкурсына 35 оқушы 30 жобасымен қатысады.

8. 02 қараша күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті оқытушысы Кажыбаева Г.К. қатысуымен отырыс өткізді. Отырыста оқушыларды қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен олимпиада, ғылыми жоба және де басқа байқауларға қатыстырудың мәселелері қарастырылды.

9. 04 қараша күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ахат А.Д. педагогтармен «Жақсы мұғалім-дарынды оқушы-нәтижелі мектеп» тақырыбында коучинг өткізді. Коучинг барысында педагогтар әртүрлі тапсырмалар орындап, кері байланыс жасады. Постерлер құрастырып, тақырып бойынша өз көз қарастарын білдірді, жағдаяттарды шешті.

10. Бейінді оқыту жөніндегі директордың орынбасары Кусанова С.З. озық тәжірибе тарату бойынша «Мұғалімдердің жұмыс тәжірибесін сипаттау, құжаттарын рәсімдеу» тақырыбында әдістемелік семинар өткізді. Семинарға қатысқан педагогтар өз педагогикалық тәжірибесін жинақтау және жалпылау әдістемесімен, ұсынатын құжаттардың мазмұнымен танысты.

11. 05 қараша күні физика пәнінің мұғалімі Сатынсин Д.Т. математика, физика, информатика мұғалімдеріне «Есептер шығару арқылы оқушылардың ойлау қабілетін дамыту» тақырыбында оқу-әдістемелік семинарын өткізді. Семинар барысында пән мұғалімдері әртүрлі деңгейдегі есептер шығару арқылы оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, өмірмен байланыстыру жолдарымен танысты. Семинар ұтымды және пайдалы өтті.